

Ойтал ауылдық округінің Ойтал ауылындағы көше атауын өзгерту туралы

Жамбыл облысы Меркі ауданы Ойтал ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 50 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2017 жылғы 27 шілдеде № 3491 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес, Жамбыл облысы әкімдігі жанындағы ономастика комиссиясының 2017 жылғы 29 наурыздағы қорытындысы негізінде және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып, Ойтал ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ойтал ауылдық округі Ойтал ауылындағы Юбилейная көшесінің атауы Мағжан Жұмабаев көшесі болып өзгертілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ойтал ауылдық округі әкімінің орынбасары Г.Оспанбековаға жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ойтал ауылдық округінің әкімі

М.Онгарбаев